

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ЗАҢДАРЫ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ОРТА

Тәуекелдікті басқару негіздері





**Дәріс жоспары:**

1. АҚШ-тағы мемлекеттік мекемелер мен көмек көрсету бағдарламалары;
2. Сақтандыру бағдарламалары арқылы тәуекелдікті басқару;
3. Делдалдар арқылы тәуекелдікті басқару.

1. Сыртқы бизнеске шықпас бұрын, бизнес саяси тәуекелдіктің деңгейі мен ықтималдығын арттырып, тәуекелді ресми бағалауды жүргізу арқылы өлшеуі қажет. Мұны АҚШ және ОПИС мемлекеттік департаментінің материалдарын зерттеу арқылы жүзеге асыруға болады. Кейбір кәсіпорындар тәуекелдікті бағалауға маманданған жеке компанияларды тартады. Алайда жоба аса ауқымды болса, компанияның мақсаттарын талқылау үшін басшылық экспортқа жауапты мемлекеттік лауазымды тұлғалармен кездесуі керек. Мүмкін болса шетел үкіметі мен компания құқықтары талқыланған формальды келісім жасасады. Келісімде төленетін тарифтар деңгейі, кірісті департациялар құқығы, қабылдаушы тараптың міндеті, зияткерлік меншікті қорғау, салық салу мөлшері, трансферттік бағамдар және ашық есік саясаты көрсетіледі. Сонымен қатар даулы жағдайларда делдал мен төрешіге жүгінуді талап ету де дұрыс болады.

Жоғарыда атап өткендей, ОПИС АҚШ-тың дамушы елдер мен дамушы нарықтық экономикаға тікелей инвестицияларын жеңілдететін федералдық агенттік болып табылады. ОПИС – бұл АҚШ үкіметіне толықтай тиесілі тәуелсіз, қаржылай тәуелсіз корпорация. ОПИС саяси тәуекелден сақтандыруды ұсынып, барлық тәуекелдер мен тікелей несиелеуге кепілдеме беріп, АҚШ-тың шетелдегі инвестициялық жобаларын құптайды. ОПИС АҚШ-тың шетелдік инвестицияларын азаматтық тәртіпсіздіктен, экспроприациядан, ауыстырылмайтын валютадан қорғайды. Сондай-ақ ОПИС саяси зорлық-зомбылықпен экспроприациядан туындайтын кірісті жоғалту бизнесін де қамти алады. ОПИС кез-келген жобаны қолдау үшін 250\$ млн-нан 400\$ млн-ға дейін ұсына алады. Валюталық табыс мұнай-газ секторы жобаларын қаржыландыруда 300\$ млн дейін, егер жоба инвестициялық деңгейде несиеленсе, 400\$ млн-ға дейін жетеді.

АҚШ-тың мемлекеттік мекемелері және экспортты қолдау бағдарламалары	Сипаттамасы
АҚШ сауда министрлігі (DOC)	Ішкі экономикалық өсуге ықпал етуші жауапты үкімет филиалы
АҚШ коммерциялық қызметі (CS)	АҚШ сауда министрлігіндегі саудаға ықпал ету бөлімі
Халықаралық сауда басқармасы (ITA)	Экспорттың қозғалысына жауапты сауда министрлігінің бюросы
Шағын бизнестің үкіметтік агенттігі (SBA)	АҚШ экспорттаушылары үшін бағдарламаларды басқарады, оның ішінде қаржылық бағдарламаларды да
Сауда және даму агенттігі (USTDA)	Дамушы елдердегі техникалық-экономикалық негіздерді жүргізу үшін гранттар береді
Ауыл шаруашылық департаменті (USDA)	Ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және азық-түлік саласындағы федералдық мемлекеттік саясатты жасау және жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік басқарманың бөлімі
Халықаралық даму агенттігі (USAID)	Дамушы елдерде пайдалану үшін америкалық компаниялардан тауарлар мен қызметтерді сатып алатын мемлекеттік агенттік



Жәрмеңкелерді сертификаттау бағдарламасы (TFC)	Халықаралық сауда іс-шараларын сертификаттайды, осы негізде АҚШ компаниялары алдын ала іс-шаралардың жоғары сапалылығын біліп отырады
Жан-жақты даму банкі (МБР)	Даму жобаларын қаржылық жобалауды қамтамасыз ету үшін және кәсіби кеңес беру үшін бірнеше ел құрайды
Шағын бизнесті дамыту орталығы (SBDC)	Шағын кәсіпорындар үшін кеңесшілердің ұлттық желісі (үздік экспортерларға көмек бере алатын қызмет түрлерін ұсынады)
Халықаралық сауда бағдарламасы (IBP)	АҚШ-та жәрмеңке ұйымдастырушыларды шетелдік сатып алушылармен кездесуін ұйымдастыратын сауда министрлігінің бағдарламасы
Орталық барлау басқармасы (ЦРУ)	Ақпарат пен статистиканы жинайды, нарықты зерттейтін маңызды дереккөз болып табылады, World Factbook жариялайды....

Ықтимал тәуекелдік бағаланған сәттен бастап, бизнес саяси тәуекелден сақтандыруды есепке ала отырып, жоғалудан сақтандыра бастайды. ОПИС төрт түрлі сақтандыру төлемін ұсынады. Біріншіден, ол кірісті репатриациялауды шектеуден қорғайды. Екіншіден, экспроприациялаудан және ұлттандырудан сақтандырады. Үшіншіден, соғыс немесе азаматтық тәртіпсіздіктен мүлікке келетін зияннан сақтандырады. Төртіншіден, ол саяси тәртіпсіздіктен туындаған кірістің жоғалуынан бизнестің тоқтауын сақтандыруды ұсынады. ОПИС экспорттық операцияларды қаржыландыруға ниетті банктерді сақтандырады, тәуекел импорттар мен оның банкінің аккредитивін бекітеді. ОПИС сақтандыруы тек қана американдық инвесторлар немесе бөтен елде АҚШ БИТ-ке отырған экспортерлерге қол жетімді. Сонымен қатар ОПИС-ке шетел үкіметін сотқа беруге рұқсат етілген, өйткені ДИД шетелдің егеменді иммунитетін қорғаудан бас тартуын талап етеді.

Халықаралық инвестициялық сақтандыру компаниясы инвестициялық кепілдіктер жөніндегі көп тарапты агенттік болып табылады. Бүкіл әлемдік банк аясында 1988 жылы құрылған МИГА дамушы мемлекеттердегі инвестицияларды саудалық емес инвестициялық кедергілерді жеңілдету арқылы ынталандырады. Ол экспроприациядан, соғыстан және басқа да коммерциялық емес тәуекелден сақтандыруды қамтамасыз етеді де, тікелей шетелдік инвестицияларды кепілдендіруді, сондай-ақ лицензиялауды, франчайзингті және технологияны беруді, көшіруді ұсынады. Тәуекелді коммерциялық немесе саяси сақтандыру қажеттілігін анықтау негізгі контракт бойынша келіссөз жүргізілген жағдайда орындалады, сондай-ақ сақтандырудың құны мен түрі келісімде көрсетілуі керек. Сақтандыру сатып алулары мемлекеттік реттелумен реттеледі. Мысалы, Қытайда бірлескен кәсіпорынмен тіркескен сақтандыру қытайлық сақтандыру компаниясы арқылы алынады, коммерциялық сақтандыруды алу туралы шешімді коммерциялық несие беруші жариялайды. Келісімдегі ережелер келесі сақтандыру арыз-шағымдар мен талаптарда ықпал ету үшін қайта қаралуы қажет. Мысалы, заңнамалық ережелер жиынтығын сақтандырылушының сақтандыру полюсі бойынша талап-арыз беруіне мүмкіндік бермейтін заңның бар-жоғын анықтау үшін қайта қарау қажет.

Сақтандыруға өтінім, аккредитивке өтінім сияқты келісім сипатқа ие. Үміткер нұсқаны мұқият оқып шығып, адал және жан-жақты жауап беруі тиіс. Жалпы ереже өтініш берушінің кез-келген сақтандырушы компанияның шешіміне әсер ететін ақпаратты ашып көрсетуін көздейді. Теңізде сақтандыру саласына қатысты сот: «Теңізде сақтандыру полюсіне өтініш беруші өз білім шегіндегі тәуелділігіне қажет әр фактіні ашып көрсетуі керек», – деп шешті. Бұл істе компанияның иесі бұдан бұрын жиырмадан астам теңіз шығынына шағым түсіргенін



ашып айтпады. Сот маңызды фактілердің қасақана жасырылғаны бойынша жеткілікті алаяқтық айғақтың бар екенін анықтады, сол себепті де сақтандыру полюсін бұзуға рұқсат етілді.

Сақтандыру келісімдерінің көбінің мазмұнындағы ережелерге сақтандырылған мүліктің сипаттамасы, экспроприация актісінің анықтамасы, күту кезеңі, хабарлама, кепілдеме, қайтару, шығынды азайту жауапкершілігі, сондай-ақ шығынды анықтау мен есептеу кіреді. Инвестор өзінің сақтандыру полюсінде байқалған экспроприация анықтамасын мұқият зерттеп шығуы қажет: экспроприация салдарынан жекелеген де, толық та шығындар болуы мүмкін бе? Шығын мен сақтандыру полюсін жинау арасындағы «күту кезеңі» де жиі талап етіледі. Ірі жобалар үшін күту кезеңі бірнеше жылға созылуы мүмкін. Сақтандырылған тұлғаның инвестициялар сақтауға қатысты міндеттері және сақтандыру полюсіне байланысты кез-келген арыз-шағымы нақты айқындалған болуы қажет. Кепілдік беру сақтандырушының өз төлемдерін қорғауы үшін алдын ала қамдануын талап етеді. Мәселен, сақтандырылушы қарсы тараптың заңдарына сай болатын, сақтандырылған мүліктің сақтандырылмай қалатынын растай алады. Соған қоса төлемінен кейінгі өтем құқығын да анықтау қажет.

Өзге де мемлекеттік көмек бағдарламалары мен экспорт саласындағы көмектерге АҚШ сауда және даму агенттігі жатады (USTDA). Бұл агенттік жекелеген компаниялармен және өндірушілермен, қызмет көрсетуші ассоциациялармен, жұмыс істейді. USTDA-мен халықаралық сарапшылар сауда миссияларын, сауда жәрмеңкелерін, маркетингтік семинарлар, іскерлік кеңестер өткізіп, орталықтарға өнімдер жөнінде ақпарат береді. Тағы бір маңызды мемлекеттік орган – Эксимбанк, ол экспорт несиелерін сақтандыруды, несие берушілерге кепілдемені, шетелдік сатып алушыларды несиелеуді, нарықтық несиелеу жағдайында экспорттаушыларды тікелей несиелеуді қамтамасыз етеді. Эксимбанк халықаралық саудаға байланысты болып тұратын коммерциялық және саяси тәуекелдің орнын толтыру үшін экспорттық несиелер ұсынады.

АҚШ-тың коммерциялық қызметі (CS) көптеген практикалық қызмет түрлерін ұсынады, оның ішінде: шетелдік сатып алушылар мен өкілдіктерді, дистрибьютерлар, ресселлерлер және серіктестерді іздеу және бағалау; халықаралық сауда мүмкіндіктері; АҚШ азық-түлік және қызметінің шетелдік нарығы; экспорттық қаржыландыру; экспорттық құжаттаманың талаптары; АҚШ-тың экспорттық лицензиялауға талаптары және шетел мемлекеттерінің импорттық талаптары; экспорттық семинарлар мен конференциялар; сондай-ақ электронды коммерцияның стратегиясы. CS-ке шетелдегі коммерциялық қызмет көрсету жатады. CS қызметтері 75-тен астам елдерде орналасқан 150-ден астам кеңседе жұмыс істейді. Олар компанияларға шетелдік нарықта тауар сатуға көмектесетін қызмет түрлерін ұсынады, оның ішінде: шетел компаниялары туралы ақпарат; дистрибьютер агентінің қызметі; нарықты зерттеу; дистрибьютерлер мен тікелей сатып алушылардың due diligence; мәдени контекстегі іскерлік қарым-қатынасы; экспортқа кіру стратегиясы, баға жасау мен бағаның жылжуы жөніндегі кеңес беру; негізгі сатып алушылармен және мемлекеттік шенеуніктермен кездесулер ұйымдастыру.

### 3. Делдалдар арқылы тәуекелдікті басқару

Кәсіби кеңесшілер мен агенттерді пайдалану экспорт, лицензиялау, тікелей шетел инвестициялары тәуекелін төмендетеді алады. Халықаралық мамандар: экспедиторлар, кедендік делдалдар, саяси тәуекелді талдаушылар, халықаралық заңгерлер, коммерциялық сақтандыру компаниялары – барлығы да сараптау өзге де қызмет түрлерін ұсынады. Кедендік делдалдар импорттаушыларға шетелге тауар шығаруға, оларды жіктеуге, бағалауға, баж салығын төлеуге көмектеседі. Америка Құрама Штаттарында кедендік қоймалар кедендік қызмет пен бизнес жүргізу III бөлім 19 кодекс Федералдық ережелермен лицензияланады. Бұл қоймалар қажетті импорттық және кедендік құжаттарды рәсімдеу үшін жалға алынады. Кедендік делдалдар әр алуан маңызды қызмет түрлерін ұсынады, оның ішінде импортерлерге тауар жеткізілетін ел туралы да нақты кеңестер бар. ДДР (14 тарауды қараңыз) сияқты «импортер» кей сауда операциялары кезінде іс жүзінде экспортерге айналуы мүмкін. ДДР терминіне орай сатушының алдында импорт елінде кедендік және тарифтік алымдар арқылы тауарды сұрыптау міндеті тұрады. Кедендік делдал импортерге арзандау тарифтік пайызбен төлем жасау үшін HTS



жүктеу нөмірін таңдауға кеңес береді. Сондай-ақ кедендік құжаттарды дайындайды, тексереді, кедендік органдарға жеткізеді, импортқа тауар шығару құжаттарын алады.

Кедендік делдалдар көрсететін қосымша қызметке тауар тасымал ұйымдастыру, тауарды жинау, арту жатады. Дайын құжаттарды делдал импорттық лицензия алуға өтінімге, импортты арнайы кедендік есепшотта жариялауға береді, әдетте сатушы немесе экспортер экспедитор жалдайды, ал кедендік делдал импортер немесе сатып алушы үшін агент болып табылады. Экспорттық экспедиторлар теңіз жүгін тасымалдауды талдау үшін федералдық теңіз комиссиясынан сертификат алуы тиіс. Экспедитор жүк тасымалына қажет барлық құжатты ұйымдастырады және экспортер атынан банкке ұсынылатын құжаттарды жинайды. Экспедитор жүкті сақтандыруды ұйымдастырады, сатып алушыны тауардың жеткізілуі жөнінде хабардар етеді және тауар жіберушіге маркетинг, маркерровка сұрақтары бойынша кеңес береді. Оның есесіне экспедитор экспортерларға ақы төлейді және қарапайым тасымалдаушы фрахтасының құнынан пайыз ала алады. Халықаралық банкир қаржылық көмек ұсынады, төлем кепілдемесін береді, тараптар арасындағы құжат айналымын жеңілдетеді.

Халықаралық сауда басқармасы (ІТА) АҚШ сауда министрлігіндегі агенттік болып табылады, оның миссиясы – жаһандық сауда арқылы экономикалық өсім мен гүлденуге ықпал ету. ІТА төрт бірліктен тұрады: (a) өнім шығару, өнеркәсіпті таңдау; (b) саудаға ықпал ету бөлімшесі; (c) нарыққа қолжетімділік, нақты мемлекетте саясатты және талаптарды сақтау; (d) импорт әкімшілігі, сауда туралы заңның сақталуын қамтамасыз ету.

Контртрейдинг еркін айналымдағы валютаның мәселелерін шешуге және шетелдік тараптың қаржылай кемшіліктерін жоюға пайдаланылады. Бұл бөлімде қарсы сауданың кең таралған нысандары талданады, атап айтсақ айырбас, сатып алу және қарсы сатып алу. Айырбас келісіміне тауар айырбасы жатады, алайда айырбас келісімі қарапайым қолма-қол ақшасыз бола бермейді. Ол кей жағдайда құжаттық сатылыммен байланысты, көп жағдайда жекелеген аккредитив болуы мүмкін. Сатып алу операциясы немесе орнын толтыру кезеңінде ауыр құрылғылар, технологиялар немесе тұтастай өнеркәсіптік жабдықтар экспортерлары өнеркәсіп нысанының белгілі бір пайызын иеленуге келісімін береді. Сауда министрлігі қарсы талаптарға кезіккен АҚШ экспортерларына көмектесе алады және кеңес бере алады.

## Дәрісте қолданылған материалдар

1. International Business Law and the Legal Environment, 3rd edition, Larry DiMatteo кітабынан алынған.